

ӘӨЖ 141.131

Рысқалиев Т.Х., философия ғылымдарының докторы, профессор
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал, Қазақстан

ПЛАТОН ІЛІМІНЕН ТҮСІНГЕНІМ

Аннотация

Мақалада Платон ілімінің мәнді, тағылымды жақтары ашылып талданады. Ғылым, философиядағы материалистік бағыт идеяны затқа теліп, затпен салыстыру арқылы мәнін ашпақ болады. Платонның ойынша, затты, құбылысты идеясы тұрғысынан қарап бағалау дұрыс болады. Зат атына сай ма? Сай болмаса, затты жетілдіру керек, қайта жасау керек.

Түйін сөздер: Платонның идея туралы ілімі, философия, зат.

Осы кезге дейін еленбей, лайықты бағасын ала алмай, тиянақты игерілмей жүрген ілімдердің бірі – Платонның идея туралы ілімі. Кеңес заманында идеализмге, соның ішінде Платонның идеалистік іліміне теріс, сыңаржақты қарау, оңды-солды сынау орын алды. Лениннің объективтік идеализм туралы «ақылды идеализм» деген пікірін Гегельге ғана қатысты деп ойламай, Платонға да арнауға болатыны ескерілмеді. Бір кезде біз үшін Кант Гегельдің тасасында қалып қойып еді. Сол сияқты Платонда материализмге жақын болған Аристотельдің тасасында қалып қойды.

Кеңес дәуірінде біз материализмге қайшы келген көптеген ілімдерді сынаумен болдық. Олардың оңды, өміршең жақтары тасада қалды. Бүгін біз осы сыңаржақтылығымызды ескеріп Платонға, Августинге, Монтеньге, Кантқа, Гегельге, Шопенгауэрге, Ницшеге басқаша қарап, олардың тағылымдық, тәлімгерлік ойларын оқушы жастарға жеткізуге тырысып жүрміз.

Платонның философия тарихындағы рөлі, орны туралы белгілі ағылшын философы А.Уайтхед былай дейді: «Еуропалық философиялық дәстүрдің шындыққа жақын сипаттамасы – оның Платон іліміне ескертпелер болып табылатыны (примечания к Платону)» [1, 32 б.].

Тағы бір жерде Уайтхед: Платон талдаған кез келген мәселенің бүгін де маңызы зор деп жазады [1, 402 б.].

Гегельдің пікірінше, Платон мен Аристотельді адамзат ұстаздарының қатарына қосуға болады. Ол Платонды рухани мәдениетке және оның даму барысына аса зор ықпал еткен тарихи тұлғалардың бірі деп есептейді [2].

Платон іліміне қайта оралып отырған себебіміз – бұл ілімнің бүгін де тағылымдық, тәлімгерлік мәні зор екеніне көптің назарын аударғымыз келеді. Айта кету керек, Платон өз идеяларын, тап біз баяндап отырғандай, анық, түсінікті түрде қалдырып кеткен жоқ. Біз сөз еткелі отырған тұжырымдар Платон ілімінен туындайтын бүгінгі ұрпаққа да сабақ болатын, ешуақытта құнын жоймайтын идеялар.

Платон – Сократтың шәкірті. Бірақ ол ұстазын қанша сыйласа да, ол жүрген жолмен жүрмей, өз жолын тапты, өз ілімін, өз мектебін құрды.

Сократтың мектебі – өз үйі, кез келген көше, алаң болды. Ол сонда адамдармен кездесіп әңгімелесті, пікір алмасты. Сократқа кез келген адам барып, сөйлесе алатын. Ол ешкімді алалаған жоқ.

Платонға, Платон мектебіне кез келген адам бара алмайды. Оның мектебінің – Академияның маңдайшасына: «Геометр емес адам (яғни ғылымнан хабары жоқ адам) мұнда кірмесін» деген жазу болыпты. Аристотель Платон мектебіне кіру үшін үш жыл тиянақты дайындалған екен.

Сократ көше кезіп, сөйлесетін адамдарды өзі іздейді.

Платон ешқайда бармайды, ешкімді іздемейді. Онымен сөйлескісі келген, одан ақыл-кеңес сұрайтын адам оған өзі іздеп келеді.

Сократ философияны адамға бұрып, адамды да философияға тартпақ болды.

Платонның ойынша, философия кез келгеннің кәсібі емес. Философия жай әңгіме – сұхбат емес, теориялық ойлау, заттың түпкі мәніне бойлау.

Сонда нені аңғаруға болады? Заттың қызметін (функциясын), не үшін жасалғанын. Сөйтіп, біз, Платонның пікірінше, заттың идеясына тап боламыз.

Платон Сократтың әңгімелерінде кездесетін «айдиа» (үлгі) деген ұғымды өз іліміне арқау етіп алады.

Софистер сөздің қадірі туралы пайымдады. Сократ адамдармен әңгімесінде ұғымдарды талдай бастады: «Жалпы үй» деген не? «Жалпы адам» деген не? «Сұлулық» деген не? Платон Сократтың ісін жалғастырып, идея туралы мәселе қойды.

Сөз. Ұғым. Идея. Бұдан біз ежелгі грек философиясының өне бойы ізденісте болғанын аңғарамыз.

Платон «эйдос» деген ұғымды да қолданады.

Біздің тілімізде «айдиа», «эйдос» деген ұғымдар жоқ. Оның есесіне «идиот» деген ұғым бар: «эйдос» ұғымының бұрмаланған түрі және «идиот» деген ұғымды нақұрыс, есуас деген мағынада қолданамыз. Тек орыстың ұлы жазушысы Достоевский «Идиот» деген романында бұл ұғымды түп нұсқадағы мағынасында қолданады. Лев Николаевич Мышкин есуас емес, әркімге де болса екен деп тілейтін, басқаларға ұқсамайтын адал, ақкөңіл адам. Оның осы оқшау мінезін түсінбеген замандастары оны идиот деп есептеген.

Платон «эрос» деген ұғымды да жиі қолданады, сүйіспеншілік, махаббат деген мағынада. Әдебиетте «платондық махаббат» («платоническая любовь») деген сөз тіркесі бар: адамды сырттай жақсы көру, сүю, оған тілекші болу. Ол адам сені білмеуі де мүмкін. Бүгінгі адамдар сүю дегенді бірге болу, иемдену, үйлену деп түсінеді.

Біздің тілімізде «эрос» деген сөз жоқ, оның орнына «эротика» деген сөз бар, ер мен әйелдің жыныстық қатынасын бейнелейтін.

Осы бір мысалдардан біз кімнің түсінігі терең, кімнің түсінігі тайыз екенін аңғара аламыз.

Платон ұғымдармен де шектеліп қалмайды. Ұғым арқылы заттың мәнін, идеясын ашуға тырысады. Сонда дүниедегі кез келген зат белгілі бір идеяның жүзеге асқан түрі болып шығады.

Платон бар нәрсеге, белгілі бір затқа оның үлгісі болып табылатын идея тұрғысынан қарайды. Затты идеямен салыстырып көреді.

Қарапайым сана идеяны заттың адам санасындағы бейнесі деп біледі. Идеяны затпен салыстырады, затпен өлшейді. Басқаша айтқанда, идеяны ұғыммен шатастырады.

Философиядағы материалистік бағыт та (Аристотель, Энгельс, Ленин) идеяны осылай түсінеді. Идея затты дұрыс бейнелесе болғаны деп есептейді.

Материалистік ұстанымнан Платонның ілімін жете түсіну қиын.

Платонның ілімі өте терең және күрделі. Ол затты оның идеясымен өлшеу, салыстыру керек дейді. Сонда идея заттың қандай екенін, қандай болуы керек екенін көрсетеді.

Идея – парадигма, үлгі.

Протагордың пікірінше, адам – барлық заттың өлшемі.

Платонның ойы бөлек: идея – барлық заттың өлшемі.

Платон тұрғысынан мәселенің мәнісі мынада: зат өзінің идеясына сай ма, жоқ па? Мына үй адам тұру үшін ыңғайлы ма? Адам адам деген атына лайық па? Сократтың үстінен болған сот демократия талабына сай болды ма, оны әділетті деп тануға бола ма? Ұстаз ұстаз деген атқа, шәкірт шәкірт деген атқа лайық па?

Платон философияға бар нәрсенің де, болажақ, болуға тиісті нәрсенің де үлгісі ретінде идеяны нысана ретінде ұсынды.

Платон өз ілімінде бар нәрсе (сущее) және болажақ нәрсе (должное) туралы пайымдайды. Бар нәрсені ғылым қарастырады. Болашақ нәрсе философияны қызықтырады. Адам қандай болуы керек? Ұстаз қандай болуы керек? Демократия қандай болуы керек? Идеалдық мемлекет қандай болуы керек? Платон сондай мемлекет туралы ілім құрды: оны кім басқаруы керек, оның қызметі қандай, кімдер (сословиелер) оны құрайды т.т.

Кез келген затқа, құбылысқа идея тұрғысынан қарау деген осылай болса керек. Бұл талап бүгін де ескеріліп, іске асып жатса, дұрыс болар еді. Платон ілімінің тәлімгерлік маңызы осында жатыр.

Философия екі түрлі дүние туралы мәселе қояды: материалдық дүние және рухани дүние. Қысқаша айтқанда: материя және сана, олардың ара қатынасы туралы.

Платон өзінің ұстанымына сай мәселені басқаша қояды: заттар дүниесі және идеялар дүниесі. Адам әрқашанда осы екі дүниемен қарым-қатынасқа түседі.

Заттар дүниесін Платон жалған дүние, өткінші, уақытша деп атайды. Ал идеялар дүниесі ол үшін шындық, ешқашанда өзгермейді, жоғалмайды. Үй құлап, жоқ болса да «үй» деген ұғым қалады. Үйдің үлгісіне – идеясына қарап жаңа, бұрынғыдан да жақсы үй тұрғызуға болады. Адам жоқ болса да, «адам» деген ұғым қалады. Адамның идеясын бетке ұстап, жаңа адамды тәрбиелеуге болады. Жастарды ынталы, жігерлі, білімге, еңбекке құмар етіп тәрбиелеуге болады.

Платон идеяны алғашқы деп, ал заттарды одан кейінгі, оның жемісі, көшірмесі, «көлеңкесі» деп таниды. Көлеңкесі болатыны, Платонның пікірінше, қандай зат та өз идеясына сай болып келмейді.

Затты тани отырып, адам оның үлгісі, жобасы болып табылатын идеяны таниды. Идея заттан тумайды, зат идеяның жүзеге асқан түрі болып табылады. Идеяға сүйеніп, жаңа заттарды, бұрынғыдан да жақсы, сапалы заттарды жасауға болады. Адам идеясына сүйеніп, жаңа адамды, ақылды, ынталы, білікті иманды жастарды тәрбиелеуге болады.

Идеяны бастапқы принцип етіп алатын философиялық көзқарас, әрине, идеализм. Және идеализмнің күрделі түрі – объективтік идеализм.

Платон іліміндегі идея адам баласы ойлап тапқан идея емес, адамға дейінгі, затқа дейінгі идея.

Сөйтіп, Платон философиядағы жаңа идеалистік бағыттың негізін қалады. Демокриттің материалистік ілімін тайыз деп іске алғысыз етті, сынады.

Платон, әрине, идеяның өздігінен затқа айналмайтынын, идеяны жүзеге асыратын адам екенін түсінбей қалған жоқ. Бірақ ол адамды идеяның құралы деп есептеді. Адам идеяны туғызбайды, заттарда жүзеге асқаны идеяны танып, соны басшылыққа алып, әрекет жасайды. Адам заттарды қалай болса солай жасамайды, танып білген, әзір тұрған идеяға – үлгіге сүйеніп жасайды.

Идеализмге тән сыңаржақтылық, сөз жоқ, Платон ілімінде де орын алады. Қандай ғажап идеяны да ойлап табатын, әрине, адам. Адамға дейін, адамнан бөлек идея пайда болмайды.

Платонның ойын мен былай түсіндірер едім: бір кезде адам ашқан идея затқа айналып, жоқ болып кетпейді, адамнан тыс өз бетінше өмір сүріп, адамдарға нұсқау болады. Маркс жоқ, бірақ Маркстің коммунистік идеясы ХХ ғасырда миллиардтаған адамның бетке ұстаған мұратына айналды. Платон жоқ, бірақ біз Платонның ілімі бүгін де күшін жоймағаны туралы айтып отырмыз. Социализм идеясы болды ғой бір кезде. Қазір де ол жоғалып кеткен жоқ. Маркстің, Лениннің еңбектерінде сақталды. Социализм идеясы кейбір елдерде, мысалы Қытайда Кеңес Одағынан да тиімді түрде жүзеге асып жатыр. Социалистік Қытай АҚШ-тан басқа көптеген дамыған капиталистік елдерді басып озды. «Социализм, - дейді Ф.М.Достоевский, - ұлы идея. Бірақ оны жүзеге асыратындар ұлы болмауы мүмкін». Кеңес Одағында тап солай болып шықты. Ақыры алып ел (супер держава) атанған мемлекет құлап тынды.

Әр кезде де қоғам, жеке адам бетке ұстайтын идеялар, идеалдар болады, болуы керек. Чаадаев, Бердяев сияқты орыс ойшылдары орыс идеясы туралы көп ойланып толғанды. Біз де ұлттық идеямызды анықтауға тырысып жүрміз. Біздің ұлттық идеямыз халқымыз үшін, ұлтымыз үшін, өзіміздің қазақ болғанымыз үшін жүрегімізде мақтаныш сезімін туғызатын идея болуы керек. Өткенімізге көз салсақ, Президентіміз айтқандай, «тарихымызда біз ұялатын ештеңе жоқ».

Қадірлі ақын Қасым Аманжолов біздің ұлттық идеямызды былай білдірген еді:

Ей, тәкаппар, дүние,
Маған да бір қарашы.
Танисың ба сен, мені?
Мен қазақтың баласы!

Біздің ұлттық идеямыз – тәуелсіздік, егемендік, соның арқасында қалыптасатын Мәңгілік Ел.

Платонға қайтып оралайын.

Платон идеяның жасампаз қасиетін, белсенділігін көре білді. Идея адам басындағы бейне, қиял, арман болып қана қалмай, ерте ме, кеш пе жүзеге асады, нақты затқа, құбылысқа айналады.

Идея оны танып білген адамның санасына сіңіп, оны әртүрлі әрекеттерге бастайды. Сөйтіп, жаңа заттардың, құбылыстардың пайда болуына себеп болады. Платон идея – алғашқы, заттар одан кейінгі оның жемісі дегенде осыны ескеріп тұрса керек деп ойлауға болады.

Платонның ойын таратып көрейік. Бір кезде Гераклит космос идеясын ұсынды. Циолковский адамның жер бетінде қалып қоймай, жердің тартылыс күшін жеңіп, космосқа шығатынын болжады. XX ғасырда бұл идеялар жүзеге асты, адам космосты игерді. Космология, космонавтика деген білім салалары пайда болды.

Демокрит атом идеясын ұсынды. Адам атом энергиясын игерді, атомдық физика пайда болды.

Маркс социализм идеясын ұсынды. Біз, кешегі кеңес адамдары 70 жылдай социализм тұсында өмір сүрдік, социализмнің шапағатын да, кесепатын да көрдік.

Платон: «су қайнайды және қатады, судың идеясы қайнамайды және қатпайды», - дейді. Яғни идея отқа да күймейді, суға да батпайды. Өйткені ол зат емес. Сондықтан идеяны затқа апарып телудің қажет жоқ, керісінше, затты идеямен салыстыру керек.

Платонның пікірінше, идея мәңгі – бақи өмір сүреді.

Материалистер – Аристотельден бастап, Ленинге дейін Платонның осы пікірін сынаумен болды. Платон қай мағынада идея мәңгілік деп есептейді? Ол идеяны оған сай жасалған затпен салыстырады. Зат түбі жоқ болады, ал оның идеясы сақталады. Осы мағынада идея – мәңгілік.

Мен студенттеріме кейде Платонның идеяның мәңгілігі туралы ойын былай түсіндіремін. Жігіт қызға сөз айтады. Сонда ол не дейді? «Мен сені уақытша сүйемін» дей ме? Ондай жігітке есі дұрыс қыз жауап бере ме? Әрине, жоқ. Жігіт қызға: «Мен сені мәңгі-бақи сүйемін» деп азар да безер болады. Сонда қыз ойланады.

Платон ілімінің өлмес-өшпес жақтарын мен осылай түсіндім.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Уайтхед А. Избранные работы по философии. – М.: Прогресс, 1990. – С.32, 402
- 2 Г.В.Ф.Гегель Лекции по истории философии. Кн.2. – Санкт-Петербург. – «Наука». – 1999. – С.116

РЕЗЮМЕ

В статье анализируются ценные, непреходящие стороны учения Платона. Платон остается до сих пор непонятым, не оцененным мыслителем. Его мысль об оценке вещей, явлений согласно их идеям актуальна и сегодня. Соответствуют ли вещи своему понятию, своей идее. Читателю предлагается новое прочтение, новое понимание учения Платона об идеях.

RESUME

The article analyzes valuable, enduring aspects of Plato's teaching. Plato remains a misunderstood, unappreciated thinker. His idea of assessing things, phenomena according to their ideas is actual today. Do things fit their concept, their idea. The reader is offered a new reading, a new understanding of the teachings of Plato about ideas.